



1 желтоқсан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Білім ордасының айтулы белесі



5 Күс қанатының суылындай



6 Ақ туын адалдықтың кірлетпеген



6 Болашағы бұлыңғыр алпауыттар



ПРЕЗИДЕНТ



Серіктестікті дамыту үшін қолайлы уақыт

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Францияға ресми сапары жалғасты. Мемлекет басшысы ресми сапары аясында Франция Республикасының Сенатына барды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты Сенат ғимаратының ауласында Жерар Ларше өзі қарсы алды. Содан кейін Мемлекет басшысы мен Сенат спикері сап түзеп тұрған Құрмет карауылының алдымен жүріп өтті. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Парижде жасаған ресми сапары аясында қол жеткізілген уағдаластықтар екі ел арасындағы көпжақты ынтымақтастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді. Мемлекет басшысының айтуынша, Эммануэль Макронмен жүргізілген келіссөз Қазақстан мен Франция арасындағы серіктестіктің стратегиялық сипатын растады. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, энергетика және көлік-логистика салаларына инвестиция тарту мәселесіне ерекше назар аударылды.

Президент екі мемлекет арасындағы парламентаралық байланыстарды нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат спикерін Қазақстанға сапармен келуге шақырды. Жерар Ларше елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларды жоғары бағалады. Ол Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін өзара белсенді іс-әрекет жүргізуге дайын екенін жеткізді.

Кездесу соңында Президент Франция Сенатының Құрметті қонақтар кітабына естелік қолтаңба қалдырды.

Мемлекет басшысы Францияның атом өнеркәсібі, энергетика, өнеркәсіптік газдарды өндіру, көлік және басқа да салалардағы ірі компанияларының басшыларымен екіжақты кездесулер өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Électricité de France (EDF) компаниясының бас директоры Люк Ремонмен кездесуде атом энергетикасы саласына озық технологияларды енгізу мәселесін талқылады.

Президент қазақстандық мамандар атом энергетикасы саласындағы әлемдік жетекші компаниялардың озық технологияларын зерттеп жатқанын жеткізді.

Сондай-ақ олар жанартылатын қуат көздері саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларын қарастырды.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Air Liquide компаниясының президенті Франсуа Жаковты қабылдады. Президентке Air Liquide компаниясының Қазақстандағы жобаларының жүзеге асырылу барысы және алдағы жоспары жөнінде мәлімет берілді. Франсуа Жаков Қасым-Жомарт Тоқаевқа техникалық газ өндіру саласына маманданған Air Liquide компаниясы бұған дейін Қазақстанда жалпы инвестиция көлемі 120 миллион еуро болатын бірнеше жобаны жүзеге асырғанын айтты.

2-бет

ӘЛЕУЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТ

2023 жыл: Қандай өзгерістер күтіп тұр?



Алдағы жылы елімізде бірқатар өзгерістер болады. Жаңа бастамалар мен заңдар күшіне енеді. Солардың ең маңыздыларының бірі – Мемлекет басшысы Конституциялық заңға қол қойды. Оған сәйкес, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Президенттің өкілеттік мерзімі шектеліп, саяси партияға мүше болуы тоқтатылады. Сондай-ақ, жақын туыстарының саясатта және квазимемлекеттік секторда лауазымды қызметтер атқаруына тыйым салынады.

Sp Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

Мәжілісті құру тәртібіне де өзгеріс енгізіледі. Енді Мәжілістің 69 депутаты партиялық тізім бойынша, 29-ы бір мандатты аумақтық округтер бойынша сайланады. Қазақстан Халқы асамблеясының Мәжілістегі квотасы алынып тасталады. Парламенттегі заң шығару процесі де өзгереді. Енді Мәжіліс заңдар қабылдайды, ал Сенат оларды бекітеді. Бұл ретте палаталар арасындағы тежеу мен тепе-теңдік тегі қарастырылған.

Алдағы жылдан бастап Қазақстанда аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар

әкімдерінің сайлауы өтетінін де айта кеткен жөн. Бұл өзгеріс басында пилоттық режимде іске қосылады.

Жалпы 2023 жылы 34 заң жобасын әзірлеу жоспарланған. Жақында өткен Үкімет отырысында ҚР Әділет министрі Қанат Мусин алдағы жылы әзірленетін заң жобаларының 15-і бірінші жартыжылдықта, 19-ы екінші жартыжылдықта Парламентке ұсынылуы тиіс екенін айтқан болатын. Сондықтан алдағы жыл өзгеріске толы болатыны анық.

Сонымен, Мемлекет басшысы айқындаған міндеттер

мен мемлекеттің стратегиялық құжаттары негізінде 2023 жылы Қала құрылысы кодексі мен Бюджет кодексі, жер қойнауын пайдалану, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, көші-қон, мемлекеттік сатып алу, салық салу мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу, сондай-ақ әкімшілік сот төрелігін, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және әкімшілік заңнаманы жетілдіру көзделген.

Сонымен қатар, Су кодексін, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, бұқаралық ақпарат құралдарына және аквакультураға қатысты жаңа редакциядағы заң жобаларын әзірлеу жоспарланып отыр. 2023 жылдан бастап кәсіпкерлік саласында да бірқатар өзгерістер күтілуде. Атап айтсақ, бұрын табыс салығын 3 пайыздық мөлшермен төлеп жүрген кәсіпкер үшін салық тәртібі өзгереді. 1 қаңтарда күшіне енетін қаулыға сәйкес, арнаулы салық жүйесі тек бір ғана қызмет түріне қолданылады.

4-бет

ФОРУМ

«Достық үйінде» сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және заң үстемдігі» тақырыбында форум өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жетілдірілген заңның жетістігі

Форумда облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов аймақта қоғамның індетіне айналған сыбайлас жемқорлықпен күресте тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын айтып, азаматтар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуге шақырды.

– Ақпанның 1-і күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша арнайы кеңес өтті. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев егер біз заң үстемдігі орнаған нағыз құқықтық мемлекет құрғымыз келсе, жемқорлықтың тамырына бапта шабуымыз тиіс екенін нақты айтып, барлық мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдарға тапсырмалар берді. Еліміз – ТМД-да жемқорлыққа қарсы арнайы заң қабылдаған бірден-бір мемлекет. 1998 жылы 2 шілдеде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң қабылданды. Уақыт өте келе, осы бағытта жақсы көрсеткіштерге жеткен әлемдік тәжірибені жинақтай келе, елімізде жасалған жұмыстарды зерделеп, кемшіліктерді саралай отырып, 2015 жылы 28 қарашада Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы жаңа заң қабылданды. Бұрынғы заң жасалған жемқорлыққа қарсы күрес болса, жаңа заңда қоғам індетінің алдын алу бағытындағы мәселелер қарастырылған, – делі Нұрымбет Сақтағанов.

2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: өңірде 21 оқу ошағы салынады

Сейсенбіде ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру мен көші-қон саясатын жүргізу мәселелері қаралды.

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов Ұлттық жоба мектеп инфрақұрылымын жаңғырту үшін әзірленгенін айтты. Оның аясында 842 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы оқу орындарының ауқымды құрылысы көзделген. Жоба шеңберінде Қызылорда өңірінде 15100 орынға арналған жаңа 21 мектеп салынады.

Жаңа мектептер қажетті оқу жабдықтарымен, түрлі пәндік кабинеттермен, бейнебақылау және дыбыстық хабарлау жүйелерімен, балаларға арналған жеке сөрелермен толық жабдықталатын болады. Ғимараттар ауылда да, қалада да бірыңғай стандарт бойынша салынады.

Премьер-Министр 2023-2025 жылдары елімізде 401 жайлы мектеп салу жоспарланғанын айтты және Оқу-ағарту министрлігіне мүдделі мемлекеттік



органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, жобадағы іс-шаралардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Жиында елге келген қандастарға қолдау көрсету мен жұмыс күшінің тапшылығы бар солтүстік өңірлерге қоныс аудару мәселесі де талқыланды.

2-бет

КОНФЕРЕНЦИЯ

Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Сыр өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: зерттелуі және мәселелері» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Ақтаңдақ жылдардың ақиқаты терең зерттеумен айқындалады

Оған облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық казак-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Хазіретәлі Тұрсын, онлайн байланыс арқылы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі Рауан Байдалы, облыстық комиссия мен жұмысшы топтың мүшелері қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жылы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» құрылған еді. Осы мақсатта ғалымдар Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің облыс бойынша басқармасында, полиция департаментінің ар-

хивінде құпия құжаттарға зерттеу жүргізуде.

Түркістан облыстық комиссиясының мүшесі Хазіретәлі Тұрсын іргелес өңір болғандықтан, кейбір деректер бойынша қызылордалық әріптестерімен бірлесе жұмыс жасалып отырғанын айтты.

Сондай-ақ, онлайн байланыс арқылы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің кафедра меңгерушісі Рауан Байдалы, Қорқыт ата университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайман, университеттің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Бақытжан Ахметбек, тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбақов тақырыпқа байланысты ой-пікірлерін білдірді.

Конференцияда көтерілген мәселелер бойынша толығырақ келесі нөмірде жарияланады.

«СБ» ақпарат

БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



Серіктестікті дамыту үшін қолайлы уақыт

Атап айтқанда, «Эр Ликид Мұнай Тех Газы» бірлескен кәсіпорны Атырау мен Павлодардағы мұнай өңдеу зауыттарының базасында техникалық газ өндірісін жолға қойып, Атырау облысындағы полипропилен өндіретін KPI.Inc газ-химия кешені үшін сығымдалған ауа мен азот өндіретін қондырғы салған.

«Orano S.A.» компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Клод Имовен кездесу барысында атом өнеркәсібін дамыту мәселелері талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның Қазақстанда атқарып жатқан жұмысының қазіргі нәтижелері мен алдағы жоспары таныстырылды. Клод Имовен KATCO бірлескен кәсіпорны Қазақстанда бір жылда өндірілетін уранның 15 пайызын және әлемдік өндірістің 7 пайызын өндіретінін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Эммануэль Макронмен келіссөз барысында Қазақстан мен Франция арасындағы уран саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланып жеткізілді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев «Alstom» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы және бас атқарушы директоры Анри Пулар-Лафаржды қабылдады. Кездесу барысында Мемлекет басшысына компанияның инвестициялық жобалары туралы мәлімет берілді. «Alstom» компаниясы жақын арада жылжымалы құрам мен теміржол инфрақұрылымына арналған электровоздар мен жабдықтар шығару, сервистік қызмет көрсету жобаларын іске асыруға 50 миллион еуро инвестиция салуға ниетті. Астана, Алматы қалаларында, сондай-ақ Жамбыл және Түркістан облыстарында сервистік орталықтар ашу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Анри Пулар-Лафарж компания осы жобаларды жүзеге асыру барысында мыңнан аса жергілікті маманды даярлайтынын жеткізді.

Бұдан кейін Президент «Total Energies» директорлар кеңесінің төрағасы және бас атқарушы директоры Патрик Пуяннем кездесті. Мемлекет басшысы Эммануэль Макронмен келіссөз барысында Total компаниясына



айрықша мән берілгенін атап өтіп, компания еліміздің Франциямен стратегиялық серіктестігінде маңызды рөл атқаратынын жеткізді. Патрик Пуянне «Total Energies» компаниясы біздің елімізге 12 млрд доллар инвестиция салғанын айтып, алдағы уақытта да ең ірі инвесторлардың бірі болатынына сенім білдірді.

Олар сондай-ақ Қазақстанның энергетика секторындағы ынтымақтастық мәселелерін жан-жақты талқылады. Компания қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясын салуға ниетті. Нысан 2026-2027 жылдары Қазақстанның оңтүстік-шығысында пайдалануға беріледі. Жобаның болжамды құны – 1,9 миллиард доллар.

Президент Францияның жетекші компанияларының басшыларымен кездесті. Шағара Total Energies, Orano, Saint Gobain, Boehringer Ingelheim France, Soufflet Group, BPI France, Vicat, Syctom, Pellenc, FICT мал шаруашылығы қауымдастығы, Total Eren, PCM, Safran, Thales, Groupe EDF, Assystem, Alstom, Evolution International, MHB SAS, Exa International, Airbus, Rungis – Semmaris, MBDA, SOPREMA, Луи Викат және басқа да ірі компаниялардың басшылары катысты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде халықаралық қоғамдастық бүгінде күрделі геосаяси және экономикалық мәселелермен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, жаңа сын-қатерлер жаңа мүмкіндіктерге жол ашалай. Қиын-қыстау кезең – байланыс орнатып, серіктестікті дамыту үшін қолайлы уақыт.

– Біз ортақ экономикалық және саяси мүдделерімізді одан әрі ілгерілету үшін Франциямен және жалпы Еуропамен арадағы қарым-қатынасты жолға қойғымыз келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан еркін және бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканы нығайтуды көздеп отырғанын атап өтті. Сондай-ақ монополиядан арлып Қазақстанды қуатты, бәсекеге қабілетті және инвесторларға тартымды етеді деп санайды. Ол бизнес ахуалды жақсарту үшін заңнамаға одан әрі тиісті өзгертулерді енгізуге дайын екенін жеткізді.

– Бұл жұмыстың алғашқы нәтижелері макроэкономикалық деректерден көрініп отыр. Биылғы 10 айда ЖІӨ өсімі 2,5 пайызды құрады. Бұл болжанған нәтижеден жоғары. Қолданыстағы тасымал тізбегінің үзілуіне қарамастан, біздің экспортымыз 50 пайызға

(63,8 млрд доллар) жуық өсті. 2022 жылдың алғашқы алты айында шетелдік серіктестеріміз біздің экономикамызға шамамен 15 миллиард доллар инвестиция құйды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 30 пайызға көп. Алдағы 7 жылда біз 150 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясын тартуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан инвестиция салу жөнінен Орталық Азиядағы ең тартымды ел болуы үшін инвестициялық саясатымызды үнемі жетілдіріп отырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Франция Қазақстанның негізгі экономикалық әріптестерінің бірі екенін атап өтті.

– Биылғы тоғыз айда Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы 12 пайызға өсті. Бүгінде 170-тен астам француз компаниясы, соның ішінде Total Energies, Orano, Airbus, Vicat, Air Liquide, Alstom, Saint-Gobain және басқалары Қазақстанда табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың барлығы Қазақстан экономикасына елеулі үлес қосып келеді. Францияның Қазақстандағы Сауда өкілдігін құру ынтымақтастығымызды нығайтуға ең септігін тигізер еді деп санаймын. Біз оның тезірек

құрылғанын құптаймыз. Сондай-ақ француз компанияларын еліміздің инвестициялық мүмкіндіктерін қарастыруға шақырамын. Жиынға қатысушылардың бөріне Қазақстан қауіпсіз және тұрақты инвестициялық орта қалыптастыруға кепілдік беретінін нық сеніммен айта аламын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуге қатысушыларға инвестициялық ынтымақтастықтың келешегі мол бағыттары туралы егжей-тегжейлі айтты.

– Біз агроөнеркәсіп кешенін дамытып жатырмыз. Оның өндіріс көлемін 2,5 есе ұлғайту және экспортымыздың көлемін екі есе арттыру жоспарланып отыр. Тиісінше, біз ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге салынатын инвестицияны ынталандырамыз және Францияның азық-түлік өндірушілерін осыған байланысты инвестициялық мүмкіндіктерді қарастыруға шақырамыз. Біз осындай жобаларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз. Екіншіден, бұл – ынтымақтастық орнатуға зор әлеуеті бар экономиканың нақты секторы. Біз табиғи ресурстар қоры бойынша әлемде алтыншы және тау-кен өндірісінің жалпы көлемі бойынша (мұнай мен газды қоспағанда) оныншы орындамыз. 2040 жылға қарай аса маңызды материалдар мен сирек кездесетін металдарға деген әлемдік сұраныс төрт есе артады деп болжанып отыр. Үкімет қажетті қолдау көрсетуге дайын. Біз компаниялар өздерінің озық тәжірибелерін, ноу-хауын және жаңа технологияларын әкеледі деп үміттенеміз, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы энергетика, көлік және логистика, цифрландыру салаларындағы ынтымақтастық перспективаларына тоқталды.

Президент Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық серіктестік барлық салада әртарапталып, кеңейе беретініне сенім білдірді.

– Бүгінгі конструктивті диалог бизнесті өркендетуге және ортақ дамуға ниетті екенімізді тағы да нақтылауға мүмкіндік береді. Менің әкімшілігім француз компанияларына өңірдегі компаниясы ең қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірінде бизнес

жүргізуі үшін барлық қажетті қолдау көрсетуге дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Кездесу барысында Қазақстан-Франция іскерлік кеңесінің тең төрағасы Ив-Луи Даррикэрер, Сыртқы сауда, экономикалық ынтымақтық және шетелдегі француз азаматтарының істері жөніндегі министр-делегат, Қазақстан-Франция Үкіметаралық комиссиясының тең төрағасы Оливье Бешт, Airbus компаниясының атқарушы вице-президенті Ван Верш, Thales компаниясының вице-президенті Марион Парада, Visat компаниясының президенті Ги Сидос, Safran компаниясының аға вице-президенті Стефан Роллан, Saint-Gobain компаниясының аға вице-президенті Патрик Дюппон, PCM президенті Марио Мартинони, Soufflet Group компаниясының бас директоры Кристоф Пасселанд, Boehringer Ingelheim France өкілі Найджел Свифт және Evolution International компаниясының бизнесті дамыту жөніндегі директоры Сирил Джосс сөз сөйледі.

«Самұрық-Қазына», «Қаз-МұнайГаз» және Францияның Total Eren компаниясы Қазақстанның оңтүстік-шығысында жел паркін салады.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Францияның Еуропа және сыртқы істер министрлігі арасында Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт болатын жел-электр станциясын салу мәселелері туралы Үкіметаралық келісімге қол қойылды. Қол қою рәсіміне Мемлекет басшысы катысты.

Жел электр станциясы 2026-2027 жылдары пайдалануға беріледі, бұл біздің еліміздегі ЖЭО нысандарының жиынтық энергия өндірісін шамамен 50 пайызға арттырады. Жобаның болжамды құны – 1,9 миллиард доллар.

Қазақстанда алғаш рет жел-электр станциясын электр қуатын жинақтау жүйесімен толықтырылады. Бұл жобаның бірегейлігін көрсетеді. Аталған бастама жанартылатын энергия өндірісінің табиғи құбылмалылығын реттеуге, артық электр энергиясын жинақтауға және энергия желісінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: өңірде 21 оқу ошағы салынады

Үкімет тапсырмаларын орындау бойынша Нұрлыбек Машбекұлы жиын өткізіп, жауапты сала басшыларына жобада көзделген мектептердің сапалы әрі ыңғайлы болуына баса назар аудару қажет екенін алға тартты.

– Мемлекет басшысы ауылдық елді мекендерді дамытуға жеткілікті деңгейде мән беруді тапсырды. Бұл ретте ауылдық аймақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Жарлыққа қол қойды.

Біз Президент тапсырмасы аясында ауылды көркейтудің бірнеше сатылы жоспарына сай жұмыс жүргізуге тиіспіз. Ауыл халқына ең бірінші кезекте қажетті инфрақұрылымды тарту яғни газ, ауызсу, жарық, жол мәселесі, әлеуметтік бағытта мектеп, амбулатория нысандарын салу бірінші кезекте шешімін табуы тиіс.

Ал «Жайлы мектеп» жобасы аясында өңірде 21 мектеп салынады. Оның 8-і Қызылорда қаласында, қалғандары – ауылдық елді мекендерде. Мектеп құрылысын салар уақытта ең әуелі орналасқан орнына ерекше мән беру керек, міндетті түрде халыққа қолайлы және балаларға ыңғайлы болуы тиіс. Денсаулық сақтау саласында жаңадан бой көтеретін 27 нысанды салу кезінде де жердің халыққа қолайлы жағын қарастыруымыз қажет. Құрылыс басқармасы, қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, тиімді шешім қабылдаңыздар, – деді.

Жиын барысында Нұрлыбек Нәлібаев қысқы маусым кезінде тұрғындар тарапынан жиі көтерілетін көмір мәселесіне тоқталып, әрбір ауданда және қалада орналасқан көмір қоймаларында қордың жеткілікті болуын қамтамасыз етуді, жылу және жарық мәселесінде ақауларды болдырмау қажеттігін ескертті. Қызылорда қаласындағы «Арай-3» шағын ауданындағы ауызсу сапасына қатысты жиі шағым түсетінін алға тартып, бұл мәселенің түпкілікті шешімін табу қажет екенін тілге тиек етті.

Тіршілікті қамтамасыз ету салаларындағы мәселелер ұдайы бақылауда болады және бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіру саалаға жетекшілік ететін орынбасары М.Жайымбетовке жүктелді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ЗАҢНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары» тақырыбында өткізілген мақала байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Өз кезегінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің басшысы Серікжан Мырзалы еліміздің жемқорлыққа қарсы дербес саясаты қоғам сұранысы мен шетелдік озық тәжірибені ескере отырып, үнемі же-

тілдіріліп келе жатқанын атап өтті.

– Бұрын негізгі назар қылмыстық жазалауға аударылса, қазір басымдық алдын алу шараларына беріледі. Жаңа форматты сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат үш кезеңнен тұрады. Олар – оқу-ағарту, превенция және жазалау. Еліміздегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Мемлекет басшысының Жарлығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жыл-

дарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Онда азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жұмылдыру жөніндегі шаралар қарастырылған. Салаға кешенді ықпал ету үшін мемлекеттік органдардың қоғамдық кеңестерінің құзыреті кеңейтілді. Бақылауды іске асыру тетіктері қоғамдық кеңестердің қызметімен шектелмей, парасатты мәдениет қалыптастыруға ниеттілердің барлығының қатысуына мүмкіндік жасалды. Бұл ретте агенттік

пен «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі арасында тиісті меморандум қабылданып, соның шеңберінде белсенді қарым-қатынас іске асырылуда, – деді ол.

Сонымен қатар, Серікжан Мырзалы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарына үлес қосқан бірқатар белсенділерді департамент басшысының алғыс хатымен марапаттады.

Жиын соңында жастардың арнайы үндеуі оқылып, форум концерттік бағдарламамен жалғасты.

«СБ» ақпарат

БРИФИНГ

Білім ордасының айтулы белесі

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойына орай 2-3 желтоқсан күндері ауқымды шаралар ұйымдастырылады. Бұл туралы университеттің басқарма төрағасы – ректоры Бейбіткүл Көрімова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында айтты деп хабарлайды университеттің медиа орталығы.

– Биылғы мерейтой аясында түрлі бағыттағы форумдар, кездесулер, ғылыми конференциялар, тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Сыр өңірінде жоғары білім мен ғылымның, мәдениеттің дамуына өзінің өлшеусіз үлесін ақтды.

Университет оқуымызды 4 бағытта жұмыс істейді. Олар – білім беру, ғылым және инновацияны нығайту, әлеуметтік-мәдени бағытты дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. Жоғары оқу орны еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша білім беруді басты назарда ұстайды. Университетте 115 білім беру бағдарламасы бар. Оның ішінде бакалавриат бойынша 66, магистратура бойынша 36, докторантура бойынша 13 бағдарлама арқылы мамандар даярланады. Сондай-ақ, 5 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда уни-



верситетін таңдаушылардың қатары жыл сайын артып келеді. 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда биыл білім алушылар саны 70%-ға артып, 9014 адамды құрады. Бүгінде білім ордасында 5 институт, 24 кафедра, 5 ғылыми орталық қызмет етеді. Профессор-оқытушылар құрамы 560 адамды құрайды. Оның ішінде 22 ғылым докторы, 176 ғылым кандидаты, 37 философия докторы (PhD) бар.

3 желтоқсан күні университеттің 85 жылдығы қарсаңында өтетін салтанатты жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ЖОО-ның басшылары, қоғам қайраткерлері мен зиялы

қауым өкілдері қатысады деп жоспарлануда.

Атап айту керек, білім ордасының мерейтойы аясында І Түлектер форумы, «Ардагерлерді ардақтау», «Мамандық – болашағымыз» атты І облыстық форум, «Қазіргі заманғы математика: проблемалары және қолданыстары» атты ІІІ халықаралық «Тайманов оқулары» өтті.

Мерейтойға орай «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті: дамудың жаңа кезеңінде» және «Қалдырған ізін мәңгілік...» кітаптары жарық көреді. Сондай-ақ, «Университет ақпарат айналымында», «Біздің түлектер» кітаптары электронды түрде жарияланбақ.

2 желтоқсан күні ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Күлбарам Сәдуақасқызы атындағы химиялық білім беру ғылыми-өдістемелік орталығы, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, биология ғылымдарының докторы, профессор Аманкелді Құрбанұлы Саданов атындағы микробиологиялық ғылыми зерттеу орталығы ашылады.

3 желтоқсан күні №5 оқу ғимаратында «Жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту: болашағы мен мүмкіндіктері» форсайт-сессиясы өтеді.

Ал сол күні Студенттер сарайында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойына орай «Ұлттық руханияттың ұлы ордасы» атты салтанатты жиын болады.

«СБ» ақпарат

«Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

№	А.Т.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Қазбекова Мира Жомартқызы	Басқарма басшысы	Сәрсенбі 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс І	60-53-20
2	Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Жұма 16.00-18.00		60-53-17
3	Қамбаров Артур Раушанбекұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сейсенбі 16.00-18.00		60-53-27
4	Қамзаев Бауыржан Олжабайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сәрсенбі 16.00-18.00		60-53-09

Қ.Бисенов, академик:

Университеттің өрлеу жылдары – өмірімнің жарқын кезеңі



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық тарихына зер салсақ, Сыр өңіріндегі білім қарашаңырағын ұзақ жыл басқарған ректорлар тізімінен Қылышбай Алдабергенұлы Бисеновтің есімін көреміз. Осы саптың алдыңғы үштігіндегі сардар аға өзі жиырма жылға жуық басқарған оқу ордасының тыныс-тіршілігінен әлі күнге қол үзген емес.

Кезінде «Бисенов мектебін» қалыптастырған белгілі тұлға, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, өңіріміздің ғылымы мен білімін ұйымдастырушы көшбасшы – тағылымы терең азамат есебінде де ел ықыласын иеленді. Өйткені, оның білікті басшы болуымен қатар, білім алушыларға ғана емес, еңбек етіп жүрген жас ғалымдарға да ұстаз бола білгендігін тілге тиек ететіндер аразында көптеп саналады. Солардың қай-қайсысы да ұстаз ұлағатын бойына сіңіріп, бір-бір тұлға дәрежесіне жетіп отыр.

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі, Қорқыт ата атындағы университеттің Құрметті ректоры Қылышбай Алдабергенұлымен білім саласының бүгінгі жай-күйіне байланысты ой бөлісудің сәті түскен еді. Университет мерейтойы қарсаңында ұлағаты ұстазбен болған сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

– Қылышбай Алдабергенұлы, сіз басшылық жасаған жылдары Қызылорда университеті әлемнің озық оқу орындарымен терезе теңестіріп, өркеніеттік тұрғыдан өрлеу үстінде болды. Сол кезеңдегі басты талап қандай еді?

– Ең алдымен университеттің 85 жылдық мерейтойымен барлық әріптестерімді, шәкірттерімді, студенттерімді құттықтаймын! Жұмыстарына шығармашылық табыстар тілеймін. Алға қойған мақсаттарына жетуіне тілектеспін.

Енді тақырыпқа оралсақ, қандай кезеңде болсын ЖОО-ға қойылатын негізгі талап – уақыт көшіне ілесе отырып, сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру, кәсіби біліктілігі жоғары, сұранысқа ие мамандар даярлау. Қоғамның дамуы үшін және өмірдің, экономиканың үнемі өзгеріп отыратын беталыстарына бейімделу мақсатында тұлғалық және кәсіби әлеуетін толыққанды іске асыра ала-

тын жоғары білікті кадрлар денгейін қамтамасыз ету.

Университетте басшылық қызмет атқарған жылдары жоғары білім беру саласында көптеген өзгерістер орын алды. Дәстүрлі қабылдау емтиханы тесттік жүйеге ауыстырылды, кредиттік оқыту технологиясына көшу, қашықтан оқыту процесі енгізілді. Жаңа мамандықтар ашылып, бакалавриат, магистратура, докторантура тәрізді көпдеңгейлі білім беру жүйесі жұмыс істеді. Алғашқылардың бірі болып жоғары білім беруді ұйымдастыруға сапа менеджменті жүйесін енгізуді жүзеге асырдық. Уақыт сұранысына сәйкес, білім беру процесінде ақпараттық технологиялар кеңінен енгізілді. Білім беру процесіндегі барлық жаңашылдықтарды тізіп жату мүмкін емес. Мұның бәрі үлкен күш-жігерді, қатаң тәртіп пен талапты қажет етті. Осындай ауқымды істердің жоғары деңгейде ұйымдастырылуына тікелей жауапты болып, уақытпен санаспай, өзіміздің ғылыми-педагогикалық барлық мүмкіндіктерімізді жұмсағандымыз сеніммен айта аламын.

– Сіз университет басшылығында болған кезеңдерде білікті оқытушылар көп болды, олардың еңбегін лайықты бағалап отырдыңыз. Осы жайында айтып өтсеңіз...

– Мен әрқашанда профессор-оқытушыларымызды, әріптестерімді құрметтеймін. Әр кафедрада ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары, доценттер өз мамандықтарына сәйкес білікті ғалымдар, әріптестерім жұмыс жасады. Ұстаз қашанда өз шәкірттеріне үйретуге ниетті екендігі анық.

Профессор-оқытушылардың еңбектерін бағалау мақсатында «Үздік оқытушы» стипендиясы тағайындалып, оның иегерлері болған әріптестерім көптеп саналады. Бәрінің атын атап, түсін түстеп шыға алмасым анық, қай-қайсысы да оқу процесін сапалы ұйымдастыруға, студенттерді жоғары білімді маман етіп шығаруға өз үлестерін қосқан білікті ма-



мандар. Университеттің даму, өркендеу жолында ұжымның бірлескен қызметі нәтижесінде алға қойған міндеттер мен қолға алған бастамаларды жоғары көрсеткішпен орындай алдық. Республикада ЖОО рейтингісі бойынша университет кезінде 5-орынды иеленді.

– Сәл шегініс жасасақ, өміріңіздің мәні білім-ғылым саласы екенін қалай түсіндіңіз? Ғылымға деген қызығушылығыңыз қалай оянды?

– Ғылымға деген қызығушылығым студент кезден басталды. 1979 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын үздік бітірдім. Институтта студенттердің ғылыми қоғамы болатын. Қазақстандағы құрылыс саласындағы бірінші ғылым докторы, профессор Болат Саябекұлы Жармағанбетов кафедра меңгерушісі еді. 2-ші курстан бастап біздің ғылыми-тәжірибелік жұмыстарға бауылды. Нәтижесінде, институтты бітірген соң, сол кездегі жоғары және арнаулы білім министрлігінің жолдамасымен кафедрада тәжірибе жинаушы-зерттеуші болып қызметімді бастадым. Сол кездерден алдыма қойған үлкен мақсатым аспирантурада оқу, ғылыми ізденістермен айналысу болды. Бойымдағы ғылымға деген қызығушылығым мені адастырмағаны ақиқат.

1980-1982 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалында оқытушы болдым, 1982-1985 жылдары Мәскеу қаласында КСРО Мемлекеттік құрылыс комитетінің Бетон және темірбетон ғылыми зерттеу институтының аспирантурасында білім алдым.

Кейін басшылық, ұстаздық қызметімді одан әрі ғылыми ізденістермен ұштастыра отырып, техника ғылымдарының докторы атандым. Осылайша, 1980 жылдан бастап туған жерім – Қызылордаға келіп, жоғары білім беру саласында үзбестен еңбек етіп келемін.

Жалпы, менің тағдырым білім, ғылымға арналған. Университет – менің тағдырым, білім ордасындағы еңбек жолым – өмірімнің жарқын кезеңі болды.

– Кезінде әкеңіз Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенов сізге «Алдымен үлкендерге сәлем бер, білімділігіңнің басы сол болсын» дейді екен.

Сол кісі айтпақшы, ғылымға қадам басқан жастардың бойында қандай қасиет болу керек?

– Сапалы әрі терең білім арқылы ғана ғылымға жол табуға болады. Сосын еңбекқорлық қасиеттері маңызды. Ғұлама ойшыл Әл-Фараби айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Бұл тізімде адамның адамгершілік құндылықтары қоса жүретіні сөзсіз. Ғалымды ғалым ететін төрт нәрсе бар: ерік-жігер, сабырлық, терең білім, еңбексүйгіштік. Ғалым өзінің идеясымен емес, оны іске асырумен айналысуы керек деп ойлаймын.

Әкеңіз үмітін ақтау, елшіл болу – әрине, ең басты міндет.

– Қазір онлайн оқу деген үрдіс бар. Бұл білім сапасына қалай әсер етеді? Дәрістерді қалай тыңдауға кеңес бересіз?

– Онлайн білім беру өзінің өміршеңдігін дәлелдеді, міндетін орындады. Кешегі пандемияның кезінде қажеттілігіне сай қашықтан оқыту жүйесі енгізілді. Қазір оқу орындары білім

алушының сұранысына сәйкес жауап беретін кезең. Аудиторияда отырып білім алуға жағдай келмейтін, онлайн білім алуға мұқтаж білім алушыны қашықтан оқыту арқылы сұранысын орындап, жағдай жасауымыз қажет. Заман солай. Мақсатқа жетудің түрлі тәсілдерін қолдануға мүдделі болу біздің өмірлік ұстанымымызға айналуы тиіс.

Жалпы, мен дәрістерді тікелей оқытушы мен студенттің толық қатысуымен аудиторияда тыңдауға кенес беремін. Сонда ғана сапалы білім беруге болады. Түсінемін, ақпарат әлемінде өмір сүріп жатырмыз. Қашықтан оқыту технологиясының артықшылықтарын айттым. Дегенмен, оқыту әдістерін қажетіне қарай пайдалану керек. Негізінде базалық жоғары білімді мұғалімнің қатысуымен игерген абзал. Бұл – өмірдің ақиқат шындығы.

– Бүгінгі білім алушыларға мотивациядан, яғни, ниет пен ынтадан басқа не керек? Оларға бірінші кезекте нені үйреткен дұрыс?

– Ол тікелей білім алушыға байланысты. Студент алдына қандай мақсат қойды? Тек «диплом алсам болды» деу мақсат емес. Сапалы, заман талабына сай, еңбек нарығын қанағаттандыра алатын маман болуға ұмтылған жөн. Бүгінгі таңда әлемдегі бүкіл ақпарат қолында смартфонды бар адамның алақанында тұр. Ең басты мәселе, алған білімді, білген ақпаратты қажетіне қарай пайдалануда.

Қазіргі заман талабы – кез келген мамандықты ақпараттық технологиямен байланыстырып оқыту. Жаңа төртінші революциялық дәуірге өттік. Уақыт ағымы бұрынғыдай емес, өте жылдам. «Егер біз ғылымды таңдамасақ, ғылымды тандаған ел бізді тандайды» деген сөз бар. Бұл дегеніңіз – озық елдерге тәуелді болып өмір сүру. Сондықтан ғылымды таңдаған жас ғалымдарды тәрбиелеу біздің стратегиялық бағытымыз болу керек. Елімізді алға жылжытатын білім мен ғылым екені даусыз.

– Білім сапасы туралы ойыңыз өзекті. Бұл пікірмен келісетіндер көп. Енді университеттегі білім беру сапасы туралы ойыңыз қалай?

– Университетте еліміздегі жалпыға ортақ білім беру стандарттарына сәйкес бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде білім беру жүзеге асырылуда. Сапалық деңгейі басты мәселе, әлбетте сапа

жоғары болу үшін білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартып отыру қажет. Мемлекеттік қызметті айтпағанда, қазір барлық жұмысқа мамандарды тек қана біліктілігіне, білім деңгейіне сәйкес қабылдайды. Қоғам болып сол жүйеге көшіп отыр. Сондықтан қазір бірінші кезекте білім мен біліктілік ескеріледі. Оған қоса ақпараттық технологияны толық меңгерген, шетел тілдерін жетік игерген мамандарға деген сұраныс жоғары.

– Қазіргі кездегі оқу орнының қандай жетістігіне көңіліңіз толады?

– Студенттеріміз – белсенді, оқытушыларымыз – халықаралық жобаларды жүзеге асыруда өзіндік орны бар білікті мамандар. Ірі ғылыми жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Әрбір сала бойынша, атап айтқанда, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың, «Археология және этнология», «Қорқыттану» ғылыми орталықтарының ғалымдары, профессор-оқытушыларымыз өз деңгейінде жетістіктерге жетіп келе жатыр.

Университет ғалымдарының әрбір жетістіктеріне ерекше қуанамын.

– Қазірдің өзінде кәсірлер, поштамшылар, киномеханиктер деген сияқты мамандықтар керек болмай қалды.

Алдағы уақытта университет дайындайтын қандай мамандарға сұраныс артады және оқу орнының бұл үлдеден шығу мүмкіндігі қандай деп ойлайсыз?

– Әлемде, елімізде, өңірімізде қай сала дамып келе жатыр? Оған талдау жасау керек. Анығы, ақпараттық технология бойынша білім сапасын арттыруға ерекше мән беріп, жаңа технологиялар, инновацияларды игеру керек.

Болашақта IT, нанотехнология салалары мамандықтарына, маркетинг, логистика, тергеу сұраныстың арта түсуі анық. Жастарымызды сол жаңашылдыққа дайындауымыз керек.

Соған лайықты еңбек ете алатын, өзінің орнын сенімді түрде нақтылай алатын мамандарды даярлау ісі зор міндеттер жүктейді.

Көптеген сындарлы белестерден өтіп келе жатқан өңіріміздегі көшбасшы жоғары оқу орны, ол – Қорқыт ата университеті, сондықтан бірлігі бекем ұжымның алар асулары биіктей берсін!

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Қазыналы білім ордасы

Іргетасы сонау 1937 жылы қаланған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті шаршы топта оза шапқан талай дүлдүлдерді түлетіп шығарды. Осы салада қызмет етіп келе жатқан білім ордасы ізденуші жастарға қолдау білдіріп, қолайлы жағдай жасап отырғаны баршаымызға аян. Бүгінде қазыналы білім ордасының қанат жайып, маман даярлау ісінде алда келе жатқанына 85 жыл толды.

«Тамыры терең бәйтерек» деген қазақи тәмсіл осы оқу ордасының тарихын суреттеп тұрғандай. Себебі, бұл жылдары оқу орны түрлі тарихи толқынды өткеріп, тұлғалардың түлеп, шыңдалып шығуына себепкер болды. Университетке ел қалаушылары басшылық жасап, алда болуына бар күшін сарп етті. Бұл оқу ордасының әрдайым заман талабына сай болуына әсерін тигізді деп айта аламыз.

Бәсекеге қабілетті, заманауи талапқа сай маман болу – бүгінгі күннің бұлжытпас талабы. Осы ретте білім ордасының профессорлық-оқытушылық құрамы аянбай еңбек етуде. Оның дәлелі ретінде ЖОО-ның рейтингі бойынша Шығыс Еуропа және Орталық Азия (QS EEEA) университеттері ішіндегі алған елеулі орнын айта аламыз. Бұл іргелі білім және ғылым ордасының

қауқарлы, бәсекеге қабілетті маман даярлап жатқанының бір көрінісі іспеттес.

Жоспарлы жұмыстың жемісі ретінде оқу орнын аяқтап шыққан сан мыңдаған түлектің әрдайым сұраныста болуын айта аламыз.

Мұнда бакалавриат, магистратура және докторантура бағыттары бойынша 115 білім беру бағдарламасы бар. Соның негізінде маман даярлау ісінде алда келеді. Меморандум университеттермен меморандум жасап, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен студенттердің білім алуына жағдай жасап, тәжірибе алмасуға мүмкіндік бар. Сондай-ақ, отандық оқу ордаларымен өзара тәжірибе алмасуына, білім алушылардың өндірістік іс-тәжірибе жү-

мыстарына септігін тигізуде.

Бес институт түрлі білім беру бағдарламалары бойынша қызмет атқарады. Жалпы 560 профессорлық-оқытушылық құрамның 22-сі ғылым докторы, 176-сы ғылым кандидаты, 37-сі филология докторы (PhD).

Білім алушылардың ағылшын тілін жетік меңгеріп шығуы үшін әлемдік тіл мамандарымен байланыс орналастырылды. Көптілділік – қазақ мәдениетін әлемге танытудағы атқарушы күш.

Пандемия кезінде ғалымдар қажет көмегін көрсетіп, білімін ортаға салып, бәсекеге қабілетті маман екенін дәлелдеді. Сондай-ақ, түрлі ғылыми-техникалық жобалар ұсынып, жоба иегерлері атанып, іске асырып келеді.

Оқу ордасының сапалық көрсеткіші қай жағынан алып қарасақ та, нақтылығымен ерекшеленеді. Бұл – оқу ордасының тұрақты дамуға күш салғанының дәлелі.

Университет базасында құрылған түрлі тәрбиелік және танымдық бағыттағы ұйымдар да өз жетістіктерімен алда келеді. Бұл ұйымдар білім алушы жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға және белсенді болуға шақырады.

Біз 85 жылдық тарихы бар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тарихи толқынының бір бөлшегі болғанымыз үшін мақтанамыз. Себебі, болашағымызға керек мамандарды даярлап, оларға бағыт-бағдар беру арқылы осы оқу орнын-

да тәжірибелі маман болдық. Танымыз ортақ орта тауып әрі тағалымы биік ұстаздармен бір арнада тоғысып, бәсекеге қабілетті маман даярлауда бірегей болудың жолын ұстап келеміз.

«Білегіне сенбе, біліміне сен» дейтін әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бағытына нақтылық, болашағында туралық пен тұрақтылықтың болуын тілейміз.

Биінуір ӘБЖЕКЕНОВА,
Ербол БЕКІШ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Практикалық ағылшын тілі» кафедрасының оқытушылары

– Мен – балықшы әрі аншының баласымын. Әкем Тілептен қалған көзі тірі әрі еркек кіндіктіден жалғызбын, – деп бастады әңгімесін ағамыз. – 1938 жылғы Айсұлу есімді апам бар еді, 2018 жылы 80 жасында қайтты. Сол апам екеуміздің арасында шешем Тұрсынбике марқұм 11 құрсақ көтеріпті. Бәрі шетінеген. «Тырыспай» деген жаман ауру ғой. Кезінде Микоян деген колхоз болды. Соның «Жанай» деген учаскесінде өстік. Негізінде теңіздің қолтығындағы «Қосшоқы» деген жерде дүниеге келіппін. Бұл – Арал ауданындағы «Ұялы» ауылдық кенесіне қарасты жер. Қазір «Ұялының» орны ғана қалды. Теңіз қайтқалы ондағы көп ел бері қарай үдере көшті ғой. Қарапайым шаруа отбасында тәрбие алдық. Әкемнің домбырасын шерте отырып, жиі айтатын «Дүние ит екенсің, иттен туған, Пенденің ақылы жоқ сені қуған» деген сөзін санаға тоқып өстік. Содан болар, дүниеге қызықпай, қолдағы барды қысылғанмен бөлісіп келеміз...

Ибайдулла ағамыздың айтуынша, құжатта 1959 жылы туған деп көрсетілгенмен, дүниеге келген жылы 1958 жылы болса керек. Өйткені, әкесі Тілеп қарияның мына сөзі оның есінде қапты. «Балам, сенің құжатыңды бір жыл кеш алдым. Өйткені, теңіздегі мұз жарылып, елмен қатынас тоқтап тұрған уақыт. Дұрысында сен 1958 жылы дүниеге келдің. Дәкументінде алған уақыттағы күн мен жыл қойылып кеткен» деп кейінірек айтқаны әлі есінде.

– Әкем мен ес білмейтін 1959-1960 жылдары «Қосшоқыдан» «Жанайға» көшіп келген көрінеді. «Жанайда» бастауыш мектеп болды, әріпті сонда таңыдық. Бертін келе, Микоян колхозының орталығы саналатын «Лақалыға» қоныс аударып, 8 жылдық мектепті осында түгестік. Кейінірек Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумында оқып жүргенімде үйдегі қарттарым «Басықара» ауылына қоныс аударды. Ал мен одан соң С.Киров атындағы Қызылорда ауыл шаруашылығы институтын тәмамдап, «инженер-механик» мамандығымен елге оралдым. Бір оқиға әлі есімде, оқуда жүргенімде әкем звандады. Өмірі хабарласпайтын кісі еді. «Балам, шешен ауырып қалды.

Әр заман, әр дәуірде өзі туған өңірдің ұланы, ардақ тұтар азаматы, ел ағасы болары хақ. Олар сондағы қоғам тіршілігіне бел шеше кірісіп, риясыз көңілмен атсалысып жүреді. «Ер жігіттің белгісі – еліне тиген пайдасы» демеп пе еді біздің бұрынғылар. Жалған бедел жинамай-ақ, жұрт арасында сыйлы ағамен өмен-жарқын тілдесудің сәті түскен еді. Әңгіме Қазалы ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, белгілі меценат, облыстық мәслихат депутаты Ибайдулла Тілеп жайлы болмақ.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Меценат

Еркек қос болып отырмын. Ойлан!» деп телефон тұтқасын қоя салды. Мен түсіндім. Өйткені, әкем Тілеп 1896 жылғы қарт кісі. Ал шешем одан бақандай 27 жас кіші. Әке тапсырмасын орындамау нағыз онбағандық болар еді?! Сөйтіп 1979 жылы жарым Лайыққа үйлендік, бала сүйдік, әке-шешеміздің бұйырған жасына дейінгі ғұмырында бағыл-қағып, батасын алдық. Қазір 43 жыл болыпты. Алла берген бала мен немерелердің қызығын көрудеміз, – дейді ол.

Ибайдулла ағамыздың төрт ұлы бар. Барлығы да түрлі саланың жүгін көтеріп, халыққа қызмет кылудың қарекетінде жүр. Үлкені Талант зангер, Қызылорда облыстық тергеу сотының судьясы, одан соң Ринат та заң саласының маманы, бүгінде аудан әкімдігінде аппарат басшысы болып қызмет атқарады. Русланы Маңғыстауда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінде қызметте болса, Жасұланы – Алматыдағы Медеу аудандық мәдениет бөлімінің бастығы. Төрт ұлдан 10 шақты немере өсіп келеді. Жары Лайық ұзақ жылдар мектепте мұғалім болып, шәкірт тәрбиеледі.

Ибайдулланың алғашқы еңбек жолы «Қазалы» су торабында басталды. Бұл 1980 жылы еді. Қарапайым слесарьлықтан бастап, осы саланың үңғыл-шұңғылын меңгерді. 1982-1984 жылы әскер қатарына алынып, азаматтық борышын өтеуді де ұмытпады. Ал әскерден

оралған соң №64 жылжымалы мехколлоннаға шебер болып орналасты. Расы сол, экономиканың нағыз құрөтамыры – ауыл шаруашылығы болса, соған қатысты мамандықтың барлығы да қадірлі. Атакәсіп – мал шаруашылығы мен Сырдағы егіннің жүгін қиналмай тартып, жоғары жетістікке жетуде Қазалы еңбеккерлерінің үлесі жоқ дей алмаймыз. Мұндайда бар шаруашылықтың басын біріктіретін мехколлоннаның орны ерекше.

Ибайдулла Тілепұлы 1986 жылы өзі алғаш еңбек жолын бастаған «Қазалы» су торабына механик болып барды. Ал бір жылдан соң «Ремводстрой» тресінің Қазалыдағы автоколлоннасының басшысы болды. Бұл қызметті бес жыл абыроймен атқарып, автоколлонна тараған соң аудандық суландыру жүйелері басқармасында екі жыл және 1995-1997 жылдары №64 жылжымалы мехколлоннаның бас механигі болды. Бұл нағыз нарық заманы келіп, тоқырау мен жоқшылықтың жағадан алып тұрған шағы еді.

– Өзіне белгілі, інім, өткен ғасырдың соңы өте қиын болды. Жағдай күн өткен сайын күрделене бастады. Мектептен өзгенің барлығы жабылып тынды. Қанша клуб, канша кітапхана, осы Қазалының өзінде қаншама шағын кәсіпорындар есігіне құлып түсті. Шыны керек, жаңа заманға бейімделу қажет болды. Тоқырау мен тапшылық қысқанда,



оның тілін табу оңай емес. Тәуекелге бел буу қажетін түсіндім. Кәсіпкерлікке осылай келдік, – дейді Ибайдулла аға.

Бүгінде әке құрметіне қойылған «Тілеп» серіктестігінің тұсауы осы жылдары кесілді. Сол қысылтаң кезде құрылған шағын фирма болып ашылған кәсіп уақыт өте келе ұлғайды. Қазір Қазалының орталығы – Әйтеке би кентіндегі ең үлкен кәсіпкерлік нысанды білмейтіндер кемде-кем.

– Әу баста ауданға жанар-жағармай тасыдық. Қарызға көлік сатып алдым. Кенес заманында түрлі басшылық қызметте болған соң, кісімен сөйлесу, келісім-шарт жасау, құжаттар сәйкестігі сияқты жұмыстарда тәжірибем жеткілікті еді. Сол заманда жанармай бағасы 10-11 теңгенің көлемінде болды. 1997 жылы әкемнің атынан фирма ашып, құжаттарды заңдастырып, жанармай құю станциясын салдым. Шаруам осылай дөңгелене берді, – дейді бүгінгі меценат.

Бір жанармай таситын көліктің көмегімен кәсібін ұлғайтып, көпшіліктің нағыз сұранысын қанағаттандырған кәсіпкердің бұдан кейін де бизнестегі берекесі арта түскенді. Қосымша мал шаруашылығын құрып, жылқы мен қазатқын айыр өркешті асылтұқымды түйесін өсіруде. Ибайдулланың атакәсіпке аңсары ауғаны бүгін емес. Қанмен келген қасиет, түбі соған жетелейді. Төрт түлікті түгендеп өскен ауылдағы әр қазатқын баласының бір арма-

ны да сол, мыңғырған мал айдამаса да, қорасында бес-алты қараның тұрғанын жақсы көреді.

Бүгінде малды жігіт атанса да, несібесін көпшілікке білдірмей жинайтындар көп. Бұйырған кәсіптің өзін елдің арқасында жүргізіп отырса да солай. «Бизнесмен» атанған талай «ба-тырдың» елдік мүдде дегенде бұлт етіп тайып кететіні бар. Ал Ибайдулла ағамыз...

Жасынан жоқшылық көргендікі шығар, тапқанын сол Қазалы халқымен бөлісіп жүрді. Біз білерде солай. Әйтеуір, жағдайы төмен отбасы, жетім-жесір, қарт пен балаға қаржылай да, қомақты дүниемен де көмектесіп жүр. Елдік шараларда демеушілік десе, осы ағамыздың аты аталатын. Бір куә болған сәт, екі жыл бұрынғы Арал-Қазалыны жайлаған қуаңшылықта көмек сұраған елдің шөбін, ал қыста көмірін алып беріп жүрді. Сондағы өзінің аузынан естігеніміз мынау. «Бір адам менің атымды атаушы болмасын. Білмейтін болсын бұл ісімізді». Қарамағындағы жігіттерге берген тапсырмасы осындай еді. Әлі сол үрдістен жаңылмаған. Кейбіреу жоқ-жітікке бір сөмке азық-түлік беріп, онысын айдай әлемге жар салып жатса, бұл ағамыз бір КамАЗ жүк аударып, онысын жасырып қалып жүр. Табиғаты солай ғой енді.

Иә, табысын адалынан тапты. Содан болар, жергілікті халықтың сый-құрметінен кенде болмапты. Оған дәлел – Ибай-

дулланың 5 мәрте облыстық мәслихатқа депутат болуы. Қазір де сол мінбеде, экономика, қаржы және жергілікті басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі.

– Қолдан келгенше туған елге болсын дейміз ғой. Осы Қазалыдағы көптеген нысан құрылысына себім тигенге қатты қуанамын. Әрбір сессияда қазынадан қаржы сұратып, оны бекіттірудің машақатын мұндағы жұрт біле бермейді. Бес мәрте депутат болып, сол 20 жылдың ар жағындағы уақытта Қазалының орталығы мен ауылдарына спорт кешені, мектеп, балабақша, медициналық бекет сияқты әлеуметтік ғимараттар тұрғызуга сеп болдық. Жолдар салынуда. Анау шетте жатқан «Кәукейге» дейін ауызсу жетті. 2003-2004 жылдары осы Қазалының алты елді мекенінде жарық жоқ еді. Соған да үлес қостық. Ол кезде алдымызда арқыраған ағаларымыз, аға депутаттар Жарылқасын Шәріпов, Самұрат Имандосов сияқты ел азаматтары болды. Солардан алған тәрбиенің ұшқыны шығар, әлі күнге дейін ел іргесін бүтіндеп, жыртқығын жамап, жоғын түгендеп келеміз. Басты азаматтық борыш та осы емес пе?! – дейді облыстық мәслихат депутаты.

Мақала басында айтқандай, кейіпкеріміз құрметтен кенде емес. Ел мүддесі үшін сөйлеген азаматты мемлекет те ұмытпапты. Талай марапат биігінен көрінді. «Құрмет» орденінен бөлек, «Ерен еңбегі үшін», «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» және бірнеше мерекелік медалді кеудесіне тақты. ҚР Президентінің «Алғыс хаты» мен «Құрмет грамотасының» иегері, облыстың үздік депутаты, облыстық мәслихаттың құрметті депутаты да атанды.

Әрине, кәсіпкер хәм депутат жайлы жаза берсек, өте көп. Біз тек шолып өткендей болдық. Әйтпесе, Тілепұлының тағы да жұрт білмейтін жақсылықтары шығуы бек мүмкін. Бастысы, ол әлі де бар тапқанын халықпен бөлісіп келеді. Туған жерден табан аудармастан, тіршілігін сонда жалғастыруда. Дұрысы, «ел болмаса, мен кіммін?» деген ұстанымнан айырылмаған оның бар қажыр-қараты, арман-мақсаты сол халықтың мүддемен біте қайнасып келеді.

Ауыл ардагерлерін ардақтады

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев Жалағаш ауданындағы Мырзабай ахун және М.Шәменов ауылдарына барып, еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетті.

Алдымен М.Шәменов ауылының тұрғыны, қарт ана Алтынай Қаюпованың үйіне барып, «Облыстың құрметті ардагері» медалін табыстады.

– Біз Жаңақорғаннан Аралға дейін барлық ауданды аралап, аймақтың дамуына елеулі үлес қосқан қарияларға құрмет көрсетіп жүрміз. Осылайша, ғибратты ғұмыр кешіп, еңбегімен елге танылған қазыналы қарттарымыздың өмір жолын көпке үлгі етіп келеміз, – деді ұйым төрағасы.

Алтынай әже қазір 88 жаста. Ол осы ауылдың өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан еңбекшіл жан. Қаршадайынан жұмысқа араласты, еңбегі еленіп, «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері атанды. Әуелі ауылда шопанның көмекшісі болды. Кейін өндіріс саласына ауысып, озат күршішлер сапынан көрінді. Отбасының тілкешісі еңбек ете жүріп, «Батыр ана» атанды. Зейнетке шыққан соң да қоғамдық өмірден тыс қалған жоқ. Қазір ол «Асыл әжелер» ансамблінің мүшесі. Құрмет бөленген Алтынай әже елдің амандығын тілеп, ақ батасын берді.

Мұнан соң ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев Мырзабай ахун ауылдағы мектепке барып, осы ауылдың еңбек ардагері, өнегелі ғұмыр кешкен Амангелді Арунұлын 80 жылдық мерейтойымен құттықтады. Жалағаш аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Ш.Қалыбаев қарияға аймақ басшысы мен облыстық мәслихаттың шешімімен берілген облыстың «Құрмет грамотасын» табыстады. Ал С.Дүйсенбаев оның кеудесіне «Облыстың құрметті ардагері» медалін тақты.

Аудандық ардагерлер кеңесі төрағасы С.Әлиев, шаруашылық төрағасы Е.Өмірсеріков және өндірістегі шәкірті, ауыл тұрғыны Серікбай Елеуішов той иесіне сый-сияпат көрсетті. Соңында Амангелді ақсақал жылы лебізін білдіріп, ел азаматтары мен ардагерлер ұйымына алғыс айтты.

«СБ» ақпарат

2023 жыл: Қандай өзгерістер күтіп тұр?

Жеңілдетілген салық жүйесі дағдарысқа қарсы қолданылған шара еді. Сол арқылы билік көптеген кәсіпкерлік нысандарды жабылудан сақтап қалмақ болды. Нәтижесінде жаңа салық жүйесіне 114 қызмет түрі енгізілді. Ал 2023 жылдан бастап бөлшек салық режимі тек қоғамдық тамақтану қызметі үшін қолданылады.

Саладағы тағы бір өзгеріс – келер жылы жастарға жеңілдетілген несие беру басталады. Жеңілдетілген 2,5%-дық несие мөлшері – 5 млн теңгеге дейін. Берілу мерзімі – 5 жыл. Егер қарыз ауыл шаруашылығын жүргізу мақсатында немесе ірі қара мал, жылқы асырау үшін алынса, онда 7 жылға дейін беріледі. Несие алған жастарға 1,5 жылға «қаникулярлық кезең» ұсынылады, яғни, аталған уақытта олар ай сайынғы жарна төлеуден босатылады.

Жастарды қолдау мақсатында нарық сұранысына қарай мерзімді оқыту жұмыстары да жүргізіледі. Жобаның аясында азаматтар жаңа мамандық меңгеріп, оқу аяқталғаннан кейін жұмысқа орналаса алады. Қазіргі таңда мемлекет субсидиялайтын жұмыспен қамтылған азаматтардың 36%-ы жастар.

2023 жылы жас өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың жалақысын 70%-ға дейін арттыру көзделіп отыр. Сондай-ақ, мектептер, колледждер мен балабақшалар педагогтарының жалақысы 25%-ға өседі. Мұғалімдер алатын жалақыға қосымша төлемдер белгіленеді. Денешынықтыру мұғалімдеріне сабақтан кейін қосымша спорт секцияларын өткізгені үшін ай сайын қосымша ақы төленеді.

Жалпы, білім саласын алдағы жылы ауқымды өзгерістер күтіп тұр. Бұл өзгерістер туралы ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов Үкімет отырысында айтқан болатын. Алдағы жылы мұғалімдердің кәсіби құзыретін арттыруға ерекше назар аударылады. 2021 жылдан бастап педагогикалық жұмысқа түру үшін сертификаттау енгізілді. Диплом жұмысқа түру үшін енді жеткіліксіз, міндетті түрде өз пәні және әдістеме бойынша тәстілеуден өту қажет. Енді біліктілігін арттыру 5 жылда емес, 3 жылда бір рет болады. Директорлардың кадрлық резерві қалыптасады, білім беру ұйымдарының



директорларын ротациялау тетігін іске асыру жалғасады. Сонымен қатар білікті кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру үшін «Педагог» жаңа кәсіби стандарты енгізіледі.

Сондай-ақ, келесі оқу жылынан бастап 5-8 және 10-сынып оқушылары қазақ тілінен емтихан тапсырады. Бұған дейін емтиханды тек 9 және 11-сынып оқушылары ғана тапсыратын. Олар да осы пәннен емтихан тапсыруды жалғастырады.

Ұлттық тәстілеу орталығының мәліметінше, келесі жылы ҰБТ тапсыруда да өзгерістер болады. Талапкерлерге «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 5 тест тапсырмасы қосылады. Ал, бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларындағы нұсқалар саны 5-тен 4-ке дейін қысқарады. Ал бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларындағы нұсқалар 8-ден 6-ға дейін азаяды.

2023 жылдан бастап балабақшалар білім беру сапасын өздері бағалай алады. Қазіргі таңда Балаларды ерте дамыту институты нақты педагогикалық процесті бағалауға байланысты өлшемшарттарды сынақтан өткізіп жатыр. 2023 жылдан бастап ол барлық балабақшаға өзін-өзі бағалау құралы ретінде ұсынылады.

Елеулі өзгерістер әлеуметтік салада да күтілуде. Айталық, келер жылы әлеуметтік төлемдер бір әмиянға есептелетін болады. Салалық министрлік әлеуметтік әмиян Ұлттық банк пен банктер тарапынан осы тетікті енгізу жұмыстары аяқталғаннан кейін

мүмкін болатынын айтқан. Іске қосылған соң әлеуметтік-еңбек саласына мемлекеттік қолдаудың барлық төлемдері әмиян арқылы жүзеге асырылады. Оның ішінде бір жасқа дейінгі бала күтімі, жұмысынан айырылу бойынша жәрдемақылар және басқалар бар. Бұған дейін қазақстандықтар әлеуметтік әмиянды биылғы жылдан пайдалана алады деп күтілген еді.

Сондай-ақ, Үкімет 2023 жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы қаулыны қабылдады. Бүгінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемнің бес түрі беріледі. Олар: асыраушысынан айырылу, жүктілік пен босану, жұмыссыз қалу, бала күтімі мен еңбекке қабілеттіліктен айырылу. Соның ішінде еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшері 8,5%-ға артады.

Бала күтімі бойынша төлем мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұлғайтылады. Тиісті мақсатқа республикалық бюджетте қосымша 183,5 млрд теңге қарастырылмақ. Жұмыс істейтін ата-аналарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді есептеу алгоритмі де түзетілді.

Бала күтімі бойынша төлем мерзімін 1 жастан 1,5 жасқа дейін арттыру жұмыс істейтін де, жұмыс істемейтін де ата-аналарға жақты

болады. Бүгінде 552 мыңдай жұмыс істейтін және 60 мыңнан астам жұмыс істемейтін ата-ана бар. Бұл ретте жұмыс істейтін ата-аналарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан олардың жалақысының 40%-ы мөлшерінде төлем төленеді. Мамандар атап өткендей, азаматтың табысы және әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу тәжірибесі неғұрлым көп болса, соғұрлым әлеуметтік төлемдердің мөлшері де жоғары болады.

Айта кету керек, бала күтімі бойынша төлем мерзімін ұлғайту – қазақстандық балалы отбасыларды әлеуметтік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар кешенінің бір бөлігі ғана. Мәселен, 2023 жылдан бастап, «Алтын алқамен» марапатталғандарға немесе бұрын «Батыр ана» атағын алғандарға, I және II дәрежелі «Ана данқы» ордені табысталғандарға берілетін жәрдемақы мөлшері 6,4 АЕК-тен 7,4 АЕК-ке дейін ұлғаяды.

Бұл ретте «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иелеріне «Марапатталған аналар» деген жаңа мәртебе беріледі. Сонымен бірге, бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға арналған кепілдік берілген әлеуметтік пакетті монетизациялау жағы қарастырылуда. Бұл атаулы әлеуметтік көмек алатын 190 мыңнан астам отбасына әсер етеді. Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың жаңа шаралары Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жаңасында кәзірдің өзінде көрініс тапқан. Бүгінде әрбір қазақстандық үшін маңызды құжатты әзірлеу аяқталды. Жоба заңда қарастырылған келісу рәсімдерінен өтіп жатыр.

Жалпы 2023 жылы әлеуметтік салаға жұмсалатын шығындар 10 триллион 634 миллиард теңгені құрайды. Бұл биылғымен салыстырғанда 1 триллион 985 миллиард теңгеге көп. Шығындардың негізгі бөлігі, яғни 4 триллион 634 миллиард теңгесі әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмекке тиесілі.

Шығындардың өсуі жыл сайынғы индексациямен және зейнетақты, жәрдемақы алушылар контингентін ұлғайтумен, мұғалімдердің, дәрігерлердің, медициналық емес қызметкерлердің және мемлекеттік қызметшілердің жалақысының артуымен байланысты.



Ел арасында: «Арқаға барып әншімін деме, Сырға келіп жыршымын деме» деген сөз қалған. Арқаның көкейкесті, асқаз әуезді, өресі биік өндері ықылас қойып тыңдасаң тынысыңды ашып, көкірегіңе күй күмбірлеткендей болады.

Ал Сыр бойы ше? Әсіресе, жыраулық дәстүр-атадан балаға конған Қармақшы өңірі талайларды тәңті етіп келе жатқан жоқ па?! Ұлы Қорқыт бабаның жамбасы тиген сайын далада қобыз сарыны мен домбыра сазы төгіліп, бейнелеп айтсақ «құс қанатының суылындай» жыр парлап жатыр. Қатпар-қатпар, ірім-ірім болып көмейден қайырылатын керемет нақышты әуез бізден басқа аймақта жоқ та шығар бәлкім?! Мұны «Жаратушының бере салған керемет сыйы» деп айтсақ, қателесе қоймаспыз. Осы өңірде Құрманғазымен достасқан Ешанияз сал, Балқы Базар, Дүр Оңғар, Жиенбай жырау мен Тұрмағанбет шайыр, Шораяқтың Омары мен Кете Жүсіп, Тұрымбет пен Тасберген және Сәрсенбай жыраулар өмір сүрген. Шайырлар тілге орамды, көңілге қонымды маржан сөздер тізсе, жыраулар оны сан мақаммен құбылта орындап, тыңдаушысының құлақ құрышын қандырған, елдің еңсесін тіктеп, көңілін көтерген, рухани нәр сыйлаған. Кешегі кеңестік дәуірдің өзінде Рүстембек, Балқашбай, Шәмшат жыраулар тоғтан суырылып шығып, айшықты өнердің туын тіктеді. Бір жылдары іркілңкіреп қалған жыр көшін Қуандық пен Көшеней іле тартып, алға оздырғанын білеміз. Қуандық ел асып, жер түбіндегі Жапонияны таңыратса, Көшенейдің күйтабағы шығып, мұны қосып қойып үйреніп, қасиетті өлкені жыр-термеге бөлеген жастар көбейді. Бидас Рүстембеков, Алмас Алматы, Берік Жүсіпов, Берік Саймағанбетов, пен Арнұр Көшенейұлы, Ұлжан Байбосынова, Айдос Рахметов, Әйгерім Ешпаева мен Майра Сәрсенбаева, Руслан Ахметов пен Серік Жаксығұлов, Бисенбек Төлеубаев, Күнсұлу Түрікпен жыр-керуеніне иелік етті. Қаулап өсіп келе жатқандары қаншама?!

Жыр-толғаулар айтылып жатса, сүйсіне тыңдаймын. Өнердің түрі көп қой, бірақ мен үшін жыраулық өнер – өзінше бір төбе. Өйткені бала күнімнен әкем Әубөкір Есжанұлынан жыр тыңдап өстім. Әкем «Шәкір-Шәкірат», «Самұрық құс» атты дастандарды жырлайтын. Тұрмағанбет пен Шораяқтың Омарының нахлхатқа толы термелерін айтушы еді. Ал анам Ұлықызы Алтын қармақшылық болатын. Естүімше, Қарақұмның бір етегінде «Ұлы кезең» деген жер болса керек. Қырда жаз жайлап, қоныр күзде Сырға құлайтын мал баққан ел емеспіз бе, сол жерде дүние есігін ашқан менің нағашы атама Ұлы деп ат қойған.

Ұлы атамның үйінен қонақ арылмайтын. Өткен ғасырдың 50-жылдары ат арытып алыстан бір шал келетін. Кейін білгенімдей, атамды іздеп келіп жүрген туысы, сойырғас кете Төлеп ақсақал екен (жырау Шәмшат апаның әкесі). «Таң» ауылының тумасы әкбет керейт Қожаназар қызы Қалампырмен шаңырақ көтерген соң, нағашы атам осы ауылда тұрып қалған.

Ұмытпасам, 1956 жылдың жазы болатын. Ауылға концерт келді. Рабайда бір келетін артистердің өнерін тамашалауға жұрт көп жиналды. Есімде қалғаны Балқашбай деген артистің домбыраға қосылып салған термесі еді. Бірер қатарын бере кетсек, зерделі оқырман кімнің сөзі екенін ажыратып алар:

– Ерін күткен әйелді ханым десе болады. Ойлы туған ерлерді, ғалым десе болады. Шөлдеп ішкен сусынды, шаңым десе болады...

Басы жеріп басталып, аяғы бірнеше әсерлі ырғақпен көмкеріліп қайырылатын терме тыңдаушыларға ұнады білем, сатырлап қол соғылды. Айтайын дегенім сол Балқашбай жырау менің нағашы атамның жақын інісі екен.

Атам бір қойын сойып, артистерді қонақ етті. Шәйлаңып алғасын қонақтар атамның екі бөлмелі қоржын тамын ән-жырға бөледі. Үйге сыймаған көрші-көлем есік аузында отырып тыңдады.

1958-1960 жылдары Жалағаш ауданының №34 орта мектебінде Көшеней Рүстембеков менен екі сынып жоғары оқыды. Мектеп жанында қашықтан, басқа ауылдан келіп оқитындар үшін интернат болушы еді. Көшенейдің сол интернатта жатқанын білемін. Бірде мектепте тәрбиелік іс-шара өтіп, Көшенейдің «Қолайна» деген әнді айтқаны есімде қалыпты. Сол жылдары әкесі Рүстембек жырау «Таң» ауылынан 3-4 шақырым жерде Сталин каналының сағасындағы су тоспасы маңында отырды.

Арада біраз жылдар өткен. 1971 жылы жазда Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институтын бітіріп, ауылға (Жалағаш ауданының «Таң» ауылы) қайту үшін автовокзалға келсем, Көшеней жүр. Бұл кезде жыраулық өнердегі атағы асқақтап тұрған шағы. Бір-бірімізді тани кеттік. Ол жылдары қазіргі көп автобус жоқ, тек «Жосалы-Қызылорда» бағытына бір қос есікті «Пазик» автобус жүреді. Ол «Ақжарға», мен «Таңға» билет алдық. Күре жолға түскесін, отырғандардың ішінен біреулер таныды білем, жол қысқарсын деп Көшенейден ән-жыр қолқалады. Содан терме айтты, арасында ән де орындады. Өнге келгенде мен де қосылып кетемін. Риза болған жолаушылар жолай («Шағаннан», «Аққуманан», «Еңбектен», қазіргі Бұқарбай батыр атындағы ауылдан түсіп қалып жатты. «Таң» ауылының тұсына жақындағанда мен де түсуге дайындалдым. Автобус тоқтады. «Сау болып тұр, сенің бізге жиен екеніңді енді білдім ғой» деп қолымды қысты Көшеней. Көлік шапшаң қозғалып, жүріп кетті. Екі жылдан соң, яғни 1973 жылы 27 жасында талайды тамсандырған тумта талант Көшеней Рүстембеков жалған дүниеден озып кете барды ғой.

Ауылда шешемнің немере ағасы Сәду Исаев деген кісі тұрды. Сол кісі жылына бір рет Қармақшының «Жанакала» кеңшарына барып, жақын ағасы болып келетін Қаратай Қуанбаевқа сәлем беріп қайтатын. Қызылдың қиясында жаңадан ашылған қой шаруашылығының алғашқы қазығын қағып, сол жерді сәнді қалашыққа айналдырған Қаратай Қуанбаевтың көп жылдар бойы кеңшар директоры қызметін атқарғанын ел-жұрт білетін болар. Өзі жыр жырламағанымен, бұрынғы өткен шайырлардың маржан сөздерін дәлтерге түсіріп жүрген. Ондағасы рухани қазына ұмыт қалмай, кейінгі ұрпақтың көдесіне жарар деген ниетінен туса керек. (Жуырда Қаратай Қуанбаевтың 100 жылдығы аймақтық деңгейде аталып өткенін білеміз. Т.Е.).

2010 жылы жерлес әрі ағайын болып келетін, Қаратай Қуанбаевтың қарамағында қызмет еткен Өбет және Сардарбек есімді қариялармен сұхбаттасып, «Халқының Қаратайы еді» деген көлемді мақаламды баспасөз бетіне жариялаған едім. Сонда Сыр бойындағы жыраулық өнердің шын жанапшыры жайлы кеңінен тоқталғаным.

1993 жылдың қазан айының ортасы. Ауылға сол жылдардағы облыстық мәдениет басқармасының басшысы Аманкелді Жұматаевтың өзі бастап, бірнеше әнші-жыршы келген. Өнерпаздардың арасында жоғарыда атап кеткен Төлеп нағашымыздың қызы, белгілі жырау Шәмшат Төлепова бар екен. Шәмшат апаймен дастархандас болып, әңгімелесудің және жыр-термесін тыңдауын сәті түсті. Сөйтсем, Шәмшат жырау менің анамды жақсы білетін болып шықты: «Сонау 1948-1949 жылдары Алтын апаммен жақын танысып, сіздің үйде бірнеше рет болдым ғой» деді сөз арасында.

Қолқалап, қонаққаде сұрадық. Тұрмағанбет шайырдан бастап, Сыр сұлейлері Шораяқтың Омары, Жиенбай жырау мен Кете Жүсіптің шығармаларын орын-

дады. Әсіресе, жерлес ақын Әбдікәрім Ахметовтің:

– Дос жүрегі – шарайна
Сындырып алма, абайла!
Абайла бауырым, абайла! – деп соза қайырганы құлағымда қалыпты. Неткен дауыс, неткен шебер қайырым деп іштей таңданып, риза болып едім.

Жырауларда «жыр қоржын» деген болады және сол қоржындағы «дүниесін» сан мақаммен құбылтып, тыңдармандарды сергітіп отыру бұл біздің аймаққа ғана тән-ау деп қалам. Өр жердің жыр мәнері әр басқа, бірақ Сыр бойы жырауларының орындаушылық шеберлігіне не жетеді?! Жоғарыда мен арнайылап атап кеткен Балқашбай, Шәмшат, Көшенейлер бір тума таланттар еді ғой. Қазіргі жыраулардың ішінен айтар болсам, Серік Жаксығұловтың дауысы, сазы, орындаушылық шеберлігі Көшенейге келеді. Ұқсастық бар.

Сүлейлерді тілге тиек еткенде, жұрт есті бермеген тағы бір жүйрік өткен екен. Есімі – Темір. Ол ақындығыммен қоша сері, күсбегі кісі болыпты. Серік Жаксығұловтың Темірдің толғауын орындағанын тыңдағам. Керемет! Заманындағы ақын-жырауларға лайықты баға берген толғауды кейінгі ұрпақ тыңдай жүрсе еш артықтығы жоқ. Айтпақшы, республикалық «Мен қазақтың!» мега жобасының актық айналымында Күнсұлу Түрікпен Темірдің осы толғауын орындап бас жүлде иемденген.

Осы ретте әкемнен біраз жылдар бұрын жазып алған әңгімені бере кетейін: «Ертеректе Қызылқұмның Сырмен шектесетін шұрайлы жерінде Темір есімді ақын, күсбегі әрі сері кісі өмір сүріпті. Бір жылы күзде Қармақшы өңірінен шыққан ақын-жыраулар Қарақалпақ еліне қарай бет түзеді. Жолай Темір ауылының үстінен түседі. Кадірлі қонақтарды ықыласпен қарсы алған сері қысырдың тайын қонақасыға сойған екен дейді. Шай ішіп болып, сыртқа шыққан шайырлар сексеуіл томарынан өріліп, үйілген үйшіктің үстінде отырған бүркіттің жеті бірдей тастулек балапанын көреді. Тамашалап болғасын үй иесінен:

– Аң алатын бүркіт қандай болады? – деп сұрайды. Сонда Темір былай депті:

– Қызылдың балапаны ірі болса, Аң алмай, сірә қалмас ірі болса. Ор болса орта санның балқ жүні. Жеті елі желкесінің гүлі болса... Басы әйдік, жуан балтыр, қалың топшы, Тырнақтай қызыл-жирен көгі болса. Сары еттің түсі батық, кейкі тұмсық, Көзінің көк буалдыр түбі болса. Қылменен қойдың майын тамызғандай, Ағының әр жерінде дағы болса. Әм және алқа болып төске біткен, Аралас қызылменен сары болса... Тап келсе таланына мұндай бүркіт, Аң алар егесінің ебі болса.

Сөз мәйегін сүзіп жүрген өңкей сұлейлер Темірдің мына теңеуіне риза болысыпты.

Ақын-жырауларды өнер қайраткерлері десем, артық емес. Тереннен ой толғап, сөз маржанын терсе, ерекше сазды әрі әсерлі жырларымен тыңдаушысын тербетіп, мерейін тасытса, мұнан асқан не қызмет бар?! Асыл мұраттары – керемет мақам мен сұлейлер аманаттап кеткен кестелі сөзді кешеден бүгінге жеткізу, осы арқылы сананы рухани жаңғырту, тәлім жанылармен тәрбие беру. Расында, жыраулық дәстүр киелі Сыр бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Бұған шын ықылас білдіріп, қуануға әбден болады.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Қазақстан Республикасы
Білім беру ісінің құрметті
қызметкері, Қазақстан
Журналистер одағының мүшесі

ЖОБА

Шиелі ауданының Бәйтерек ауылдық округіндегі 22 разьезд ауылын қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономас-тика комиссиясының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №3 қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Шиелі ауданының Бәйтерек ауылдық округіндегі 22 разьезд ауылы «Ынтымақ» атауымен қайта аталсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н.Нәлібаев

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

Н.Байқадамов

«Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының орындалуы туралы ақпарат

АӨК субъектілеріне қаржылық жүктемені төмендету мақсатында несиелер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін арзандату механизмі 2014 жылдан бастап «Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бағдарламасы арқылы АӨК субъектілеріне ауыл шаруашылығында алынған несиелерінің сыйақы мөлшерлемелерін (10 пайызын) субсидиялау жүзеге асырылып келеді.

2022 жылдың шілде айынан бастап Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидасының сыйақы мөлшерлемелерінің субсидиялау нормативі өзгертілді.

Жаңадан қабылданған Қағиданың 4-тармағына сәйкес субсидиялау мынадай қарыз шарттары бойынша жүзеге асырылады:

1) ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықтарды сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, негізгі құралдарды сатып алуға, құрылыс салуға (үн, минералдық сулар және алкогольсіз сусындар өндіруге арналған негізгі құралдарды сатып алуға арналған қарыздарды қоспағанда) арналған;

2) өндірістік процестің технологиялық циклі ішін қажетті айналым қаражатын толықтыруға арналған;

3) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған.

Осы бағытта көрсетілген қарыз шарттары бойынша субсидиялау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық

мөлшерлемесі мен жылдық 7,5 пайыздың теңгемен жиынтық көрінісі ретінде есептелген номиналды сыйақы мөлшерлемесін аспайтын мөлшерлемеді жүзеге асырылады.

Ұсынысты қарастыру кезінде қарыз шарты жасалып жатқан сәтте қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі қолданылады.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген қарыз шарттары бойынша қарыз алушы номиналды сыйақы мөлшерлемесінің 6%-ын төлейді, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі мен 7,5 жылдық пайыздық жиынтық сомасы мен қарыз алушының теңгемен төлеген 6% арасындағы айырманың нәтижесінде алынған номиналды сыйақы мөлшерлемесінің қалған бөлігі мемлекеттік бюджеттен субсидияланады.

Бюджеттік бағдарлама шеңберінде 2016-2021 жылдары аралығында барлығы 1289 АӨК шаруашылықтары субсидияланды.

Жалпы бағдарламаға 2022 жылы 189 қарыз шарты негізінде 35 АӨК субъектілері қатысты.

Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялардың өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді (2022 жылы 140 – ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарына, 22 – айналым қаражатын толықтыру, 51 – негізгі құралдарды сатып алу, 11 – көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу).

Нәтижесінде несие алған шаруашылық құрылымдардың қаржылық жағдайын жақсартуға едәуір мемлекеттен көмек көрсетілді.

Бұл өз кезегінде өндірісті жолға қойып, шығарылатын өнімнің көлемі арттыруға ықпал етті. Мемлекеттік қолдау шеңберінде бөлінген қаражат көбірек шаруашылық санын қамтуға мүмкіндік беріп, АӨК субъектілерінің қаржылық қызметке қол жетімділігін арттырды.

Алдын алған ауырмайды

Лейшманиоз көптеген тропикалық аурулар сияқты адамды ауру маса шаққанда пайда болады. Сүтқоректілер, бауырымен жорғалаушылар арқылы да тасымалданып, қан соратын жәндіктер адамды шаққанда жұғады.

Бұл ауру Оңтүстіктің тропикалық және субтропикалық елдерінде жиі кездеседі. Мысалы Америка, Африка, Жерорта теңізі және Орталық Азияда. Мұндағы негізгі эндемиялық аймақтар Өзбекстан мен Түрікменстанда орналасқан. Кейінгі жылдары Тәжікстанда да аурудың өршуі байқалады.

Лейшманиоздың висцеральды (көбінесе балаларда кездеседі), тері және шырышты-тері деген үш түрі бар. Оны жұқтырған тасымалдаушыны маса шаққан кезде лейшмания масаға түседі. Жәндік денесіне түскен паразит ортаның ішекте белсенді көбейе бастайды. Паразит жәндіктің ас қорыту жолын бітеп тастайды да, адамды шаққан кезде қан жұта алмайды. Сол себепті адам денесіне бойындағы лейшманияның жіраткерлері десем, артық емес. Тереннен ой толғап, сөз маржанын терсе, ерекше сазды әрі әсерлі жырларымен тыңдаушысын тербетіп, мерейін тасытса, мұнан асқан не қызмет бар?! Асыл мұраттары – керемет мақам мен сұлейлер аманаттап кеткен кестелі сөзді кешеден бүгінге жеткізу, осы арқылы сананы рухани жаңғырту, тәлім жанылармен тәрбие беру. Расында, жыраулық дәстүр киелі Сыр бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Бұған шын ықылас білдіріп, қуануға әбден болады.

гиялық реакцияларға әкеледі.

Осы аурудың түріне байланысты лейшмания инфекциясының белгілері әртүрлі болуы мүмкін. Ең көп кездесетініне теріде және шырышты қабаттардағы жазылуы қиын жаралардың пайда болуы жатады, олар біртіндеп өседі. Ең ауыр түрі – тері-шырышты лейшманиоз, ол уақыттылы емделмесе барлық жұмсақ тіндерді жоюға қабілетті. Висцеральды лейшманиоз да қауіпті, ол барлық мүшесіне жүйесінің жұмысына кедергі келтіреді.

Ауру маусымдық сипатқа ие. Көбінесе мамырдан қазанға дейін тіркеледі, жыныс, жас таңдамайды. Ошақтарда балалар жиі ауырады, өйткені зардап шеккен тері лейшманиозы тұрақты иммунитетті қалыптастыруға ықпал етеді. Маса шаққан орында қонус тәрізді, көкішіл-қызыл түсті жара пайда болады. Әрі қарай ұлғайып, серозды іріңді дөңгелек немесе сопақша жараға айналады. Тері лейшманиозының қалалық (антропонозды) түрі жылдың кез келген уақытында дамуы мүмкін, инкубациялық кезең 3-9 айға дейін созылады.

Лейшманиоз облыстық тері аурулар ауруханасында тегін емделеді. Өңірде бұл ауруды жұқтыру айтарлықтай көп болмаса да, дерматолог мамандар үшін өзекті мәселе болып отыр. Себебі, бұл біріншіден пара-

зиттер арқылы жұғатын инфекция, екіншіден, ауруды өз бетінше емдеу кеш диагностикалау кезінде қиындықтар туғырады.

Аурудың алдын алуды да назардан тыс қалдырмаңыз. Негізгі профилактикалық шара – қауіпті жәндіктер шағуының алдын алу. Терезелерді маса өтпейтін тормен қаптау, арнайы қорғанаш киімдерін кию қажет. Болжамды тасымалдаушылар адамдардан оқшаулануы, аурудың эпидемиологиясын бақылау, ірі елді мекендерде жаппай аурулардың алдын алуға назар аудару керек. Орналасқан жеріне байланысты үй жануарлары мен ауру тасымалдаушы малмен күресу де оң әсер етуі мүмкін. Қалалар мен тұрғын үй жергелері, көздердің тазалығы, қоқыс шығаруды ұйымдастыру, полигондарды үнемі шығару және санитарлық шараларды өткізу халық арасында сырқаттанушылықтың өсуінің төмендеуіне әсер етеді. Өлім-жітім науқастардың ауруханаларға бармауына және ауруды емдеу мүмкіндігі туралы білмеуіне байланысты. Сонымен қатар обға қарсы күрес және облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандарымен бірігіп, қоршаған ортаны залалсыздандыру мақсатында жұмыла жұмыстар жүргізу қажет. Осы факторлардың жиынтығы адамдар арасында лейшманиозбен ғана емес, сонымен қатар қауіпті және өзекті емес басқа да көптеген аурумен сырқаттанушылықты күрт төмендетуге мүмкіндік береді.

Д.КОЙШЫБАЕВА,
ОТВД бөлім
менгерушісі

ТУРНИР

Дәстүрлі балуандар бәсекесі



Кеше Қазалыда мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен жастар арасындағы халықаралық турнир басталды. Жарысқа Астана, Алматы, Шымкент қалаларымен қатар, өзге де өңірлерден 200-ге жуық балуан қатысуда.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Турнирдің ашылу салтанатында облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов құттықтау сөз сөйлеп, жас ұрпақ үшін спорттық іс-шараның

маңызы жоғары екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді. Мұнан соң Халықаралық

жекпе-жек конфедерациясының вице-президенті Усман Дигаев сөз алды.

— Бауырлас қазақ халқына деген біздің шешен жұртының құрметі ерекше. Оны біздер әрдайым айтып келеміз. Жыл өткен сайын салмағы артып келе жатқан турнир жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялататыны сөзсіз. Сонымен қатар жас балуандардың талантын шыңдап, мұнан да үлкен

байрақты бәсекелерде шыңдалуы үшін мықты тәжірибе болып келеді. Барша жарысқа қатысушы командаларға, тренерлер мен спортшыларға сәттілік тілеймін, — деді ол. Сондай-ақ Елеу Көшербаевтың отбасына бауырлас елдің арнайы сый-сияпаттарын табыстады.

— Бүгін — біздің әулетіміз үшін ерекше күн. Осымен 16-шы рет өтіп отырған турнир жыл сайын көптеген спортшылардың намысын қайрап, жігерін жанып, үлкен додаларға жол ашып келеді. Бұл жарысқа қатысып, жеңімпаз атанған шәкірттер еліміздің намысын талай жарыстарда абыройлы қорғап жүр. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін, — деді ендігі кезекте Қазалы ауданының құрметті азаматы Айтбай Көшербаев.

Облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Асылжан Жаманкүл ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев пен даңқты балуан, ҚР Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының президенті Дәулет Тұрлыхановтың құттықтау жеделхатын табыстады.

Айта кетейік, байрақты бәсеке Әйтеке би кентіндегі №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде өтіп жатыр.

Қазалы ауданы



Ақ туын адалдықтың кірлетпеген

Арал аймағы — айтулы жер. Айдынды өлкеде от ауызды, орақ тілді шайырлар мен ақын-жазушылар, өнер сандақтары туып-өсіп, өркен жайған. Солардың бірі — айтыстың ақтангері Бекұзақ Тәңірбергенов еді.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Ол 1958 жылы Арал ауданы Октябрь ауылдық кеңесінде өнерлі отбасында дүниеге келген. Жастайынан әкесі Қасаннан домбыра тартуды, ән-жыр айтуды үйреніп өскен. Есейе келе, өз жанынан өлең шығарып мектеп, ауыл сахналарында өнер көрсете бастады. Аудандық көркемөнерпаздар байқауларында жүлделі орынға ие болып жүрді. Ұзамай талантты жас аудандық мәдениет үйіне қызметке тұрып сан қырлы өнерпаз екенін танытты.

Ол — белгілі айтыс ақыны Әбілхан Махановтың назар аударып, талантына ден қойған бірегей шәкірті. Саусағына қыдыр дарыған Қаппардай күйшілердің батасын алып, алғыс-ықыласына бөленген үлкен өнер иесі, топқа төселген жыршы.

Бекұзақ Тәңірбергенов жақсы термеші де. Оның орындауындағы Керлері Әбубәкір, Тұрмағанбет, Нұртуғанның термелер циклы республикалық телеарнадан көрсетілді. Сонымен қатар, халық сүйіп тыңдайтын «Асубұлақ аруы», «Шолпаным», «Аралым» сияқты айшықты әндердің авторы, композитор. Суырбысалма ақындығымен оза шығып, қалың жұрттың ыстық ықыласына бөленіп, көзайымына айналды.

1987 жылы облыстық ақындар айтысына қатысып, өнерімен дараланды. 1988 жылы Алматыда өткен тұңғыш Наурыз мерекесіндегі республикалық ақындар айтысында сынға түсіп, жүлдегер атанды. Ақтөбе қаласында Шәкәрімді еске алуға арналған және Жанқожа, Тама Есет батырлардың асында өткізілген ақындар айтысында жүлделі орындарға ие болды. Ал 1988 жылы Алматыда өткен республикалық телеайтыста бас жүлдені жеңіп алып, Сыр елінің мәртебесін биіктетті. Оның теледидар арқылы орындаған өзінің «Арал туралы толғанысындағы»:

— Аралдың табанынан су кеткенмен,
Халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ! — деген екі ауыз жалынды жыры бүкіл тыңдаушы көрерменді тебіренгіп қол соқтырды. Қазір бұл жыр Арал жұртшылығының қанатты сөзіне айналып кетті. Бекұзақтың осындай субелі жетістіктерге жетуіне тума талантымен қатар, өзі айтқандай, бабасы Нұртуған шайырдың, әкесі Жасқан жыраудың ықылы зор болды.

Ақын өлеңдері, терме-толғаулары 2001 жылы «Тұмар» баспасынан «Дүния, саған не дейін...?» деген атпен жинақ болып басылды.

Азамат ақын елімізге белгілі айтыскерлер мен ақын-жазушылар Махамбетқали Тұрсанов, Замадін Ибадуллаев, Ерік Асқаров, Ғалым Жайлыбай, Ниятolla Раманқұлов, Серік Ыдырысов, Лена Әбдіхалықова, Асқар Кіребаев, Әнес Нарымбетов, Мешітбай Құттықов, Онталап Нұрмаханов, Жетісен Мәкеналиев, Едіге Кішкенев, Серік Сейітмағанбетов, Толыбай Абылаев, Айжарық Сәдібеков, Сарбұлақ Ибрашевпен, басқа да өлке тарихын жасауға өз үлесін қосқан қайраткер тұлғалармен жақсы қарым-қатынаста болды.

Тумысынан аса дарынды, ақындық пен жыршылық өнер көкірек сарайында тел дамыған өнерлі жан, сирек таланттың бірі, Сыр бойындағы дәстүрлі айтыс өнерінің ірі өкілі Бекұзақ Тәңірбергенов 2002 жылдың 14 маусымында ауыр сырқаттан дүниеден өтті. Артында қыздары Ғүлмира, Мәдір және әкеге ұқсап тұған, әке жолын қуан ұлы Ұлықбек қалды. Ұлықбек Бекұзақұлы — қазір республикаға аты шығып үлгерген талантты ақын.

Бекұзақ ақын өмірден өтсе де, оның екінші ғұмыры ерім деген елі, ақжүрек шәкірттерінің, ұрпағының арқасында жалғасып келеді. Өмірден өткеннен соң белгілі ақын Талғат Тілеулевстің ұйытқы болуымен «Жыр ғұмыр» атты өлеңдер және естеліктер жинағы, осы аттас ән-термелері жазылған ұнтаспасы, сондай-ақ облыс әкімінің қолдауымен «Аралдың табанынан су кеткенмен, Халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» атты жыр жинағы жарық көрді.

2003 жылы Арал қаласының кіреберісіндегі көше ақын атымен аталды. Сондай-ақ, 2020 жылы туған ауылы «Шияжағал» жанадан бой көтерген мәдениет үйіне Бекұзақ Тәңірбергеновтің есімі берілген. Дегенмен, сол жылғы пандемия шектеулеріне байланысты мәдениет үйінің салтанатты түрде ашылу рәсімі өткізілмеді.

Жалпы ақынның мол мұрасын насихаттау, есімін ұлықтау бағытында облыстық ақындар айтысы, жыр кештері, басқа да іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұрады. Сондай іс-шараның бірі ертен, 2 желтоқсанда «Шияжағал» ауылдық мәдениет үйінде «Тұма жыр, сиқырлы әуен, бұлбұл Бекұзақ» атты облыстық жыршы-термешілер байқауы өтеді.

Арал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен «Аққұм» ауылдық округі ұйымдастырған байқауға аймағымызға белгілі өнерпаздар қатысып, бірінші кезеңінде ақынға арнау айтты, сынға түседі. Екінші кезеңде қатысушылар Бекұзақ шығармаларын, репертуарындағы әндер мен жыр-термелерді орындайды.

Сондай-ақ, іс-шара аясында мәдениет үйінде Бекұзақ Тәңірбергеновке арналған ескерткіш тақтаның ашылу рәсімі өтеді.

Болашағы бұлыңғыр алпауыттар немесе алғашқы антирекорд



Катардағы футбол бәсекесі жалғасуда. Алта басында плей-офф кезеңіне шыққан командалардың қатарына Португалия, Нидерланды мен Англия құрамалары қосылды. Бұған дейін доп додасының екінші турының нәтижесінде әлемдік гранттар саналатын Бразилия, Франция құрамалары келесі кезеңге аяқ басқан болатын. Алайда, чемпионат басталғанда көп үміт күткен Аргентина, Испания, Германия сияқты ұжымдардың болашағы өлі де бұлыңғыр. Қош. Кешегі күннің нәтижелерімен бөліселейік.

Сб Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Футболсүйер қауым үшін ең қызықты өткен матчтың бірі — Португалия мен Уругвай құрамалары арасында болды. Алғашқы кезеңді Гана құрамасын 3:2 есебімен тізе бүктірген португалиялықтар бұл турда Луис Суарес бастаған, Эдинсон Кавани қостаған Уругвайды еш қиындықсыз ұтты. Есеп — 2:0. Тіпті биылғы маусымда ағылшындық Ливерпуль командасында жасындай жарқылдаған жас шабуылшы, уругвайлық Дарвин Нуньес те командасына көмектесе алмады. Бірінші таймда еуропалықтар допка иелік еткенмен, мардымды ойын болмады. Керісінше, бірінші кезеңде мұхит асып келген латын америкалықтар қарсылас қақпасына жиі шабуыл ұйымдастырды. Тіпті соққылардың екі немесе үшеуі голға айналуға жақын қалды. Бірі қақпадан сал қиыс кетсе, бірі қақпа маңдайшасына тіліп, кері серпілді. Олар ұйымдастырған ең қауіпті шабуылы жартылай қорғаушы Бен-танкурдың шабуылы еді. Алайда португалдық қақпашымен бірге-бір қалған ол қажетті сәтте айласын асыра алмады. Соққысын қақпашы дер уақытында тосып үлгерді. Сөйтіп бірінші таймда жанкүйерлер гол көре алмады. Ойынның екінші бөлігінде «Еуропалық бразилиялықтар» шабуылды үдете түсті. Әсіресе, Роналду мен Жоау Фелиш жұбы Уругвай қорғаушыларын біраз әбiгерге салды. Қос қапталдан жиі-жиі пас асы-

рылды. Соның арқасында сол жақ қорғаушы Рафаэль Герейродан допты алған Бруну Фернандеш 54-минутта матчтағы алғашқы голдың авторы атанды. Уругвай есе қайтаруға тырысып, тайлы-тұяғымен шабуылдаса да нәтиже шығара алмады. Төреші ойын соңында оңтүстік америкалық футболшының қақпа алдында қолмен ойнағанына байланысты Португалияның пайдасына пенальти белгіледі. Бұл жолы да Бруну Фернандеш қателеспеді. Ойын соңына дейін Уругвай гол соға алмай, бұл кездесуде жеңіліс тапты. Осылайша, екі ойында 6 ұпай жинаған Португалия плей-офф кезеңіне мерзімінен бұрын шыққан үшінші құрама атанды.

Айтпақшы, Н тобында тағы бір керемет ойын өтті. Мұнда Оңтүстік Корея мен Гана құрамасы «Эдью-кейшн Сити» стадионында бақ сынасты. Әлемі ойын болғаны сонша, бірінші, екінші таймда да көрермендер голға қарық болды. Алайда, 3:2 есебімен Африкадан келген ұжым басымдық танытты. Маңызды үш ұпайды алуға жеңіс голын соққан Мұхаммад Куддустың еңбегі ерен. Ол бұл матчта екі гол соғып, дубль авторы атанды.

Айта кетейік, бұл топта басқа үш команданың да келесі кезеңге өтетін мүмкіндігі бар. Үшінші турда Гана мен Уругвай ойына, Оңтүстік Корея Португалиямен кездеседі.

Биылғы Әлем чемпионаты гранттардың ұтылып, аутсайдерлердің жеңіс тұғырынан көрінуімен ерекшеленуде. Мәселен, ФИФА рейтингінде Африка құрлығынан келген Камерун құрамасы төменге жайғасқан. Алайда алта басында бұл құрама әлемі ойын өрнегін көрсетті. G тобының екінші турында Камерун мен Сербия құрамалары кездесті. Әуелгіде еуропалық ұжым басымдық танытып, қарсылас қақпасына 3 гол тоғытқан. Бірақ бұдан мәселі қайтқан камерундықтар жоқ. Олар да голға голмен жауап қатты. «Әл-Жануб» стадионында өткен кездесу 3:3 есебімен тең аяқталды. Жекелеп айтсақ, бұрыштамадан асырылған допты Камерун құрамасының орталық қорғаушысы Жан Кастеллетто өз пайдасына шешіп, 29-минутта есеп ашты. Ал бірінші таймға қосылған алты минутта сербиялық Страхиныя Павлович пен Сергей Милинкович-Савич қарсылас қапасынан санылау тауып, сол аралықта екі гол соғып үлгерді.

Екінші кезеңде камерундықтардың таразы басын теңестіруге мүмкіндігі азайды. Өйткені, 51-минутта Сербияның негізгі сұрмергені Александр Митрович гол соғып, есепті еселеген еді. Алайда осыдан соң камерундықтар да «үмітсіз шайтан» дегендей, алға ұмтыла берген. Сөйтіп ойынның 66-минутында есеп 3:3 болды. Оның бірінде Венсан Абубакар мергенділігімен көзге түссе, Эрик Максим Шупо-Мотинг ойындағы соңғы голды соққан болатын.

Сөз басында айтқанымыздай, Бразилия топтық кезеңнен шығып қойды. Бірақ әрең шықты. Соған тоқталайықшы. Топтағы екінші матчта Бразилия Швейцариямен кездесті. Шыны керек, швейцариялықтар бұл матчта Бразилия құрамасының шабуылшыларын өлден әбiгерге салды. Қанша шабуыл ұйымдастырғанмен бірінші таймда шын мықты анықталмады. Тек матчтың аяқталуына санаулы минут қалғанда «Манчестер Юнайтед» командасының жартылай қорғаушысы Каземиро гол соғып, командасын алға шығарды.

ДЕНСАУЛЫҚ, БАҚЫТ, БЕРЕКЕ — БАРШАҢЫЗҒА!

Қасиет дарыған емші Нәртәй Тұрсанов — бел-омыртқа, асқан, өт, ішек жолдары, жүрек, қан қысымы, ұйқысыздық, басқа да ауруларға ем жүргізеді.

Н.Тұрсанов — Құртқа тәуіп атындағы проскопиялық ғылым академиясының, дүниежүзілік психологтар, дәрігерлер, халық және рухани емшілер ассоциациясының мүшесі. Дәстүрлі Шығыс халық медицинасы дәрігерлері академиясының, ҚР Халық және рухани емшілері мекемесінің толық мүшесі. Әлемдік халық және рухани емшілер ассоциациясының курстарынан өтіп, сауықтырудың энергиялық ақпараттық жүйесімен, халықтық рухани және дәстүрлі медицина тәсілімен емдеуге рұқсат етілген сертификаты бар.

Тәсілі — нүктелі ем, адам ағзасындағы бітеліп тұрған қан тамырлары мен буын жолдарын ашу және қасиет арқылы қуат жіберу.

Ем алу уақыты әр науқастың деңгейіне қарай белгіленеді. Қабылдауға телефон арқылы тіркеледі: 8778 788 65 11 (ватсап), 8705 467 58 13.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, КБИ шағын ауданы, Ұлағат тұйығы 12 үй.

(Қазақстан Республикасының Халық және рухани емшілері" мекемесінен №0924 куәлігі берілген)

(4-1)

Кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын адамдардың назарына

2022 жылғы 28 қарашадан бастап «Экспорттық-импорттық операциялар бойынша Бірыңғай терезе» ақпараттық жүйесінде «Бақсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу» мемлекеттік қызметтер көрсетуінің электрондық нысанына кезең-кезеңмен көшу басталады. Бастапқы кезеңде қызмет көрсетудің қағаз нысаны сақталды. Қағаз нысанын жою күні туралы қосымша хабарланатын болады.

Өтінішті толтыру тәртібі, сондай-ақ ақпараттық жүйеде дербес тіркелу бойынша нұсқаулықтар «Онлайн оқыту» бөлімі) <http://eokno.gov.kz> порталының негізгі бетінде орналасқан. Кедендік тексеруді жүргізу күні, сондай-ақ

өтінішті қарау мәртебесі туралы хабарламаларды жіберу үшін дербес тіркелу кезінде қолданыстағы ұялы телефон нөмірі мен электрондық пошта мекен-жайын көрсету қажеттігіне назар аударымыз.

Пайдаланушыларды қолдану қызметі e-okno@kgd.minfin.gov.kz

Өтініш нысанын толтырумен байланысты сұрақтар бойынша Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік қырылар департаментінің Кедендік бақылау басқармасына 21-52-77, 21-59-55 тел. нөмірлері арқылы хабарласуға болады. ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті қызметкерлердің байланыс деректері: 8 (7172) 7182-82, o.turlybekov@kgd.gov.kz.

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001-2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.011178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің тарапымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Биболат СӘТЖАН

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 24665

Тапсырыс №2029